



# СҮМБІЛЕ

1 5  
06.10.05

«Елдің» ғылыми-тәнымдық басылымы мақалаларының авторы жазушы-фантаст Жұніс САХИЕВ



# БАЙКОНЫР ПЛАНЕТАСЫ



Жер бетінде жүріп саналы әрекет етуге жарапған адам баласының арман-тілегі ұшан-теніз. Әуелі тұнгі аспандарда жарыса жамыраған мың-сан жүлдіздар мен шартабақ Айға, күндіз жүйемізді жарық етіп тұрган Күнге қарап, олардың құпия-сырларын білуге талпынды. Ол талпыныс бекердалаға кеткен жоқ. Құн мен Айдың қозғалысын, шок жүлдіздар мен жеке-дара жүлдіздардың шығыс көюкіектен шығуы мен батуы мерзімі мен мезгілін қадағалай жүріп, адам өзінің күнделікті тіршілік әрекетін де бір жүйеге түсірді.

Одан кейін адамның аспандарда қалықтаған құстарша ұшсам деген ой-арманы мазалай бастады. Оның алғашқы әрекетінде қос қолына жасанды қанат байлап, биік жерден секіріп әуруге түсті. Қанатты техника жасауға кірісті. Ол әрекеттерінде адам көптеген қындықтар мен сәтсіздіктерге ұшырап та отырды. Бірақ адам алған бетінен қайтқан емес. Келе-келе аспан денелерін

шыны арқылы жақындастып көру мен оларға қарай ұшуга деген арман-тілегі жүзеге аса бастады.

Үақыт өте көле алғашқы қарапайым әуе кемесі дүниеге келді. Ол күн санап жетіле түсті. Әуе кемесі бір кездері қол жетпес арман болған құстанның озып кетті. Бірақ адам арманы онымен шектелген жоқ. Арман алыс жүлдіздарға қарай жетеледі. Ал,

оларға қарай ұшып шығу үшін әуе кемесінің күш-қуаты жетпейтін еди. Ізденис пен сынақ одан әрі қарай жалғасты. Ол да нәтижесіз қалған жоқ. Алғашқы ғарыш кемесі де жасалды. Бірақ ол Жердің тартылыс өрісіне жетіп, белгілі жылдамдық алып,

көністікке шығу үшін арнайы ғарыш айлағы қажет еди. Әрі ондай айлақ мынандай бірнеше шартқа сай келуі тиісті: жері қатты, күргак, климаты жұмсақ, дауылсыз болуы шарт. Ғарыш айлағы Жер экваторына жақын орналасса, ғарыш кемесінің күншығысқа қарағы бағыттағы қоз-

ғалысына женілдік тауды, жана рмай үнемделеді. Жердің айналу бағытымен астасып, тез жылдамдық алады. Осы аса қажетті факторлардың бәрі таңдалған үш елдің ішінде қазақ жер-індегі Байқоңыраға сәйкес келді.

Бүгінде Байқоңыр трассасы мындаған шақырымға созылып жатыр. Оның екінші шеті Тынық мұхиты акваториясымен шектеледі. Трассаның бойынша

да көптеген елшілеушітер орнатылған пункттер, тағы басқадай бақылау-зерттеу құралдары қойылған пункттер бар. Байқоңырда бірнеше ұшыру кешені тұрғызылған. Оларда әртүрлі техникалық қызмет көрсететін құрылыштар бар. Оларда ғарышқа

ұшатын ғарыш кемелері құрастырылады, ұшыруға дайындалады және атандырылады. Ғарыш көністігіне ұшып шыққаннан кейін кемелердің үшү траекториялары елшенеді, тиісті нұсқалар берілпіл отырылады, олардан алынған телеметриялық ақпараттар

кабылданады әрі өндөледі.

Байқоңырда адам баласын ғарыш көністігіне аттандыруға деген дайындық 1957 жылғы қазан айының 4-інде ен алғашқы Жер серігі ұшып шыққаннан кейін-ақ басталып кеткен болатын. Бірнеше биологиялық зерттеулер жүргізілгеннен кейін 1961 жылы сәуір айының 12-сінде ғарыш көністігіне алғашқы адам ұшты. Ал 1991 жылғы қазан айының 2-сінде қазақ ғарышкерлігінде жаңа парас ашылды. Қазақтың қаһарман ұлы, Кенес Одағының Батыры, сынажы-ұшқыш Тоқтар Онғарбайұлы Әубекіров алғаш бол ғарышқа жол тартты. Ол мінген үш кісілік "Союз ТМ-13" кемесінің ұзындығы 6,98, диаметрі, 2,72 метр, салмағы 6850 килограмм еди. Көністікке екі бүйірінен шығатын Қун батареялары 10,6 метрге жайылды. Жер тәңіре-гінде тұрақты айналып ұшып жүрген "Мир" ғарыш кешенімен сәтті түйіскен-нен кейін ғарышкерлер биотехнология, металлургия, медицина және Арап тенізі аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

(Соңы 2-бетте).

# БАЙКОНЬР ПЛАНЕТАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Зерттеулер нәтижесінде Арап үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болуы процесі, зиянды аэrozольдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының көріністері ғарыштан суретке түсірілді. Сонымен қатар қазақ жері тұсындағы атмосфера қабаттарын, жұлдызды әлемді астрофизикалық тұрғыдан бақылау-зерттеу жұмыстары ойдағыдай орындалды. 2001 жылғы сәуірдің 30 тәулігінде халқымыздың екінші қаһарман ұлы Талғат Мұсабаев кеме басшысы болып ғарышқа аттанды. "Мир" халықаралық ғарыш кешенінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын

жүргізіп, Жерге қайта оралды...

Қасиетті жеріміз бен елімізді дүние жүзі халықтарына паши еткен Байқоныр ғарыш айлағы – космодром жұлдызды әлемді бақылау-зерттеп жүрген әлем ғалымдарын да жігерлендірді. Ғаламшааралық кемесінсіз Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың құпия сырларын анықтап ашу еш мүмкін емес еді. Айға, Шолпанға, Қызыл ғаламшар – Марсқа қарай керуен тізген автоматты ғаламшааралық кемелер олардың бет-бейнелерін Жерге телебайланыс арқылы жеткізді. Жер бетіндегі ең қуатты деген расытхана – обсерваторияның өзінен ондай толық мәлімет алу еш мүмкін емес-ті. Тіпті,

Жерден, Байқоңырдан басқарылған "Луноходтардың" Ай бетін шарлап, ғарыш кемелерінің Ай топырағын елге әкелгені баршамызға аян. Осының бәрі де жұлдызы – ғалымдардың ғылыми зерттеу әрекеттерінің аясын көңейте тұсті. Күн жүйеміздегі аспан денелері тоғыз ғаламшармен шектелмейді. Олардың көпшілігінің серіктері бар. Жерімізде жалғыз Ай болса, Қызыл ғаламшарда Фобос және Деймос дейтін екі Асқақ ғаламшар – Юпитерде кәдімгі дүrbімен көруге болатын ең жарық Ганимед, Еуропа, Ио –барлығы он алты, Қоңырқай ғаламшар – Сатурның Титан, Мимас, Энцелад –барлығы он бес, Уран ғаламшарының бес,

Нептунның үш, Плутонның бір серігі бар. Олардың бәрі де Күн жүйеміздегі өзіндік жарасымды арттыра түседі. Серіктердің көбі дерлік автоматты ғаламшааралық кемелерге орнатылған бейнекамералар арқылы суретке түсірілді.

Бұдан бірнеше ғасырлар бұрын-ақ жұлдызы – ғалымдар болжамдаған ғаламшарлар белдеуіндегі жекедара ғаламшарлар өз кезегімен ашылып келеді. Күн жүйеміздегі Қызыл ғаламшар – Марс пен Асқақ ғаламшар – Юпитердің екі аралығындағы ғаламшарлар белдеуіне бақылау-зерттеу жұмыстары мен жаңа ғаламшар ашуда Украинадағы Қырым Астрофизика обсерватория-

сы ғалымдарының еңбектері ерекше нәтижелі. Белгілі ғалым-астроном Николай Степанович Черныхтың үлесінде 49 кіші ғаламшар мен екі құйрықты жұлдыз бар. Кейінгі кездері ашқан жаңа кіші ғаламшарға Н.С. Черных әлемге әйгілі Байқоңырдың есімін берді. Байқоныр ғаламшары өз айналым жолымен Күнімізді 3 жыл 75 күн сайын бір айналып шығады. Жерімізге мейлінше жақындаған келген сәттерінде жұлдыздық шамасы арта түседі. Ол қазақ жеріндегі әйгілі ғарыш айлағын көң даласы мен қаласын ғарыш көңістігіне алып шыққандай символдық үлкен әсер береді адам баласына.